

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ**



***ЗИРАТ ЖӘНЕ ЗИЯРАТ
МӘДЕНИЕТІ***

Нұр-Сұлтан, 2020

КІРІСПЕ

«Тумақ бар жерде, өлмек бар» демекші, бір адам дүние есігін ашып, өмірге келіп жатса, кей адамдар бұл дүниеден озып жатады. Бұл өзгермейтін ақиқат. Мұсылмандар үшін қабір әлемі – мәңгілік өмірдің алғашқы қақпасы, ақірет әлемінің бастауы.

Дүниеден озған адамның артында қалған ұрпақтары мен жанашыр жақындары «Марқұмның топырағы торқа болсын», «Алла алдынан жарылқасын», «Жаны пейіште шалқысын», «Иманды болсын» деп ізгі тілек пен дұға жасап жататыны сондықтан.

Қасиетті Құранда айтылғандай Алла Тағала адам баласын тіршілік иелерінің ең ардақтысы етіп жаратқан. Сондықтан тірі адам қандай құрметті болса, қайтқан кісілер де сондай қадірлі. Сол себепті адам тәні көмілген зираттарды құрметтеу, таза ұстау, қорғау, бүлінген жерін түзету секілді бірқатар әдептерді ұстану тірілер үшін талап етіледі.

Ұсынылған құжаттың негізгі мақсаты қабірлерді тұрғызудың және оларды зиярат етудің халыққа ортақ мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Идеясы мен өзектілігі

Қазақ халқы ғасырлар бойы күнделікті өмір тіршілігінде, соның ішінде адамның дүниеге келуі мен қайтыс болуына қатысты рухани-діни рәсімдерді орындауда мұсылманға тән мәдениетті ұстанып келеді. Алайда соңғы уақыттағы діни рәсімдердің шарифат нормаларына сәйкес келмейтін өзгерістерге ұшырай бастағаны байқалады. Мысалы, қабір басына құлпытас ретінде орасан үлкен ескерткіштер мен зәулім қоршаулар орнату т.б.

Бұл әрекеттер қоғамның әртүрлі өкілдері, оның ішінде ақсақалдар мен дін мамандары тарапынан жиі-жиі сынға ұшырауда. Қала берді Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына шағым түсуде. Бұдан бөлек, қабірлер мен кесенелерді зиярат жасаушылар діни талаптарға жатпайтын әрекеттерге бой алдыруда.

Осы құжат аталмыш рәсімдердің шарифатқа сай орындалуын тәртіпке келтіріп, зират тұрғызу мен зиярат жасаудың, кесене салудың жалпыға ортақ, біріңғай мәдениетін қалыптастыру үшін әрі еліміздің барлық өңірлерінде қолдану мақсатында әзірленді.

Зират пен зиярат адам өмірінде маңызды құндылықтар қатарына жатады. Қайтыс болған кісіні арулап жерлеу, зиратқа қою – адами борыш.

Ислам дінінде қайтыс болған кісіні жерлеудің үкімі – парыз. Өйткені мәйіт көмілмей қалатын болса, «адам» деген ардақты жаратылысқа жасалған

үлкен құрметсіздік әрі күнә болады. Сондықтан ата-бабаларымыз қайтқан жанды арулап, ақтық сапарға шығарып салған.

Зират – марқұмның соңғы тұрағы. Мұхаммед Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) марқұмдарға сәлем бергенде: «Уа, мүміндер қауымы!» деп зиратты «қауым» («ел») деп атауға үйретуі бекер болмаса керек.

Сонымен қатар қабірді зиярат жасау – шариғат бойынша да, салт-дәстүр тұрғысынан да құпталған, сауапты әрі өнегелі іс.

Жүсіп Баласағұн бабамыз: «Бұл дүниеде екі-ақ есік бар: бірі – өмірге қарай ашылады, екіншісі – өлімге қарай ашылады. Бірінші есікке кірген адам – екінші есікке де кіреді», – деген. Ал Абай атамыз: «Өлу үшін туғансың ойлан, шырақ», – деп айтқан.

Ажал адамның жасына, күш-қуатына қарамайды. Махамбет Өтемісұлы: «Өлім – Хақтың пәрмені», – деп мәні терең ой айтқан.

Міне, сондықтан ғасырлар бойы ислам дінін ұстанып келген қазақ халқының тал бесіктен жер бесікке дейінгі тұрмыс-тіршілігі шариғат шеңберінде қалыптасқан.

Бүгінгі таңда елімізде қабірге кесене тұрғызу, зиярат жасау, құлпытас қою, қоршау, қорған тұрғызу сынды т.б. мазаратқа қатысты мәселелерде шариғат талаптарына қайшы, ата-баба дәстүріне жат, бүгінгі өркениетке де келмейтін әрекеттер орын алуда.

Мұнымен қоса, еліміздің әр өңірінде қабір зияраты мен әруақ құрметтеудің әркелкі салт-жоралғылары орын алған. Сондықтан бүгінгі күннің талаптарына сай зиярат жасауды біріздендіріп, жалпыға ортақ мәдениет қалыптастыру қажеттілігі туындады.

Зират тұрғызудың мәні

1. Адам баласының тірісі қандай ардақты болса, қайтыс болған соң да сондай құрметті екенін білдіреді.

2. Марқұмның есімі және жатқан жері ұрпақтарына белгілі болады.

3. Қайтыс болған кісінің жерленген жері орынсыз тапталып, аяқ асты болмайды.

4. Кейінгі ұрпақ бұрынғы өткен жандарды ұмытпай, есте ұстап, оларға Құран оқып, дұға жасап отырады.

5. Өзге адамдар ол жерде адам жерленгенін білетін болады. Оларды орынсыз қазып, сүйектерін сыртқа шығарып тастамайды.

Зиярат жасаудың хикметі

1. Тал бесікке түскен адам, жер бесікке де түседі. Дүние есігін ашқан әрбір жанның дәмтұзы таусылғанда пәни дүниеден, бақи дүниеге аттанары хақ. Зират осы бір ақиқатты, яғни бұл пәни дүниенің өткінші екенін сезіндіретін ғибрат мекені.

2. Қабірге зиярат жасаған адам өзінің ет-жақын туыстарының рухына, қорымдағы белгілі немесе белгісіз барша мұсылмандардың әруақтарына Құран оқып, дұға жасайды. Олардың ахуалынан ғибрат алады.

3. Халық дүниетанымында ата-баба есімін қастерлеу, әруақты сыйлау, олардың ғибратты ғұмырына құрмет көрсету сынды игі дәстүрлер жаңғырады.

Зиярат жасаудың мақсаты

1. Зияратта жатқан барша марқұмдарға сәлем беру. Оларға Алланың рақымы мен кешірімін тілеп, дұға ету.

2. Өмірден өткен ата-баба, әке-шеше, туған-туыстарға Құран оқып, сауабын бағыштау.

3. Зиярат жасаудың сауапты іс екенін ұмытпау.

4. Зиярат жасаушының өзі де түбі сол мекенге баратын жолаушы екенін есіне алу.

5. Ата-бабалардан үрдіс ретінде қалыптасқан осы дәстүрді ұрпаққа аманат ету.

Қабір зияратының тірілерге пайдасы

1. Қабір зияраты ақіретті еске түсіреді.

2. Мұсылмандар бұл дүниенің пәни, өлімнің хақ екенін түйсініп, тіршілікте бір-бірімен сыйласып өту керектігін түсінеді.

3. Жан тәсілім еткеннен кейін ақірет әлемі басталатынын сезініп, өз өміріне ой жүгіртеді. Ізгі істермен айналысып, ертеңгі ұрпаққа үлгі боларлық мұра қалдыруға тырысады.

4. Пәни дүние мен бақи әлемді жалғаушы қабірлерді көріп, өзінің мәңгілік тұрағына әзірленеді.

5. Қабір әлеміндегі есепті еске алып, өзін-өзі тәрбиелейді. Жамандықтан сақтанып, жақсылық жасауға талпынады.

6. Жаман мінез-құлықтан, жат әдеттерден арылып, құлшылық жасауға құлшынады.

7. Елге пайдалы, сауабы мол, ізгі істермен өмір сүруге бекінеді.

Қабір зияратының марқұмдарға пайдасы

1. Зиярат жасаушылардың берген сәлемі, оқыған Құраны, жасаған дұғасы қабір иелерінің ахуалын жеңілдетеді.

2. Қасиетті Құран Кәрімді бастан-аяқ оқып (хатым жасап), сауабын қабірдегі марқұмдарға бағыштау – сауабы мол іс.

3. Тірілердің жасаған дұға-тілектері қайтыс болғандардың күнәларының кешірілуіне, жатқан жерлері жайлы болуына себеп болады.

4. Марқұмның артында қалған ұрпақтары оқыған Құранның сауабы пайдасын тигізеді.

5. Жасаған дұғалары арқылы қабір әлемінің ауыртпалықтары мен қиындықтары жеңілдейді.

I ЗИРАТ КӨТЕРУ

Зират көтерудің үкімдері

1. Зиратқа арналған орын елді мекеннен алыстау, шеткері жерден, топырағы жұмсақ, қабір қазуға оңай және барынша кеңдеу алқаптан таңдалғаны дұрыс.

2. Қабірдің тереңдігін орташа ету, адам бойымен қазу – сүннет.

3. Қабірді мәйіттің оң жағы Құбылаға қарайтындай етіп қазу керек.

4. Қабірге жерленген кісінің кім екендігін айқындау мақсатында және жүргіншілер тарапынан тапталып, аяқ асты болмауы үшін оған шағын белгі (құлпытас) қоюға рұқсат.

5. Қабірге белгі қою – Аллаға серік қосуға (ширк), орынсыз жаңашылдыққа (бидғат), қатаң тыйым салынған іске (харам) жатпайды.

6. Жерлеу орындарында мешіт, медресе, құлшылық ету орындарын тұрғызуға, зәулім ескерткіш немесе биік күмбез орнатуға болмайды.

7. Қабірді көмгенде қабірдің өзінен шыққан топырақпен көмген абзал.

8. Зираттың аумағын тарылтатын, яғни өзге мәйіттер жерленетін орындарды қажетсіз пайдалану яки кедергі келтіру шарифат бойынша құпталмайды.

9. Зират қоршалған жағдайда әрбір қабірге жеке-жеке қоршау жасаудың қажеті жоқ.

10. Құлпытаста жерленген адамның толық аты-жөні, туған және қайтыс болған күндері жазылса жеткілікті.

11. Құлпытасқа марқұмның суретін қоюға рұқсат етілмейді.

12. Қабір басындағы бұрын жасалып қойған құрылыстарды бұзудың қажеті жоқ.

Зират көтеру мәдениеті

1. Мұсылман жұртшылығы қайтыс болған кісінің есімі мен жатқан жері белгілі болсын деген мақсатпен оның басына құлпытас қоюды әдетке айналдырған.

2. Құлпытастардан бөлек зират басына үлкен ескерткіштер, сәнді қоршаулар, мүсін кеуделер тұрғызу марқұмға ешқандай пайда бермейді.

3. Өлілер үшін пайда келтірмейтін істі «тірілер көрсін немесе естісін» деген ниетпен жасау Алланың разылығынан алыстатады. Өйткені шарифат бойынша таза ниетпен жасалған ықыласты істер ғана сауапқа кенелтеді.

4. Қабір көтеруге кететін шығынды тірілерге жұмсау – әлдеқайда сауапты.

5. Қымбат құлпытастар мен зәулім

ескерткіштерге кететін қаражатты жетім-жесірге көмектесу, көрші-қолаң, ағайын-туысқа қарайласу, білім ошақтарын тұрғызу, пайдалы кітаптар мен оқулықтар шығару сынды т.б. игі істерге жұмсап, сауабын қайтыс болған кісілерге бағыштау шариғат бойынша құптарлық игі іске жатады.

6. Шариғат заңдары зираттарды сәндеуді, үлкен ескерткіштер орнатуды талап етпейді. Керісінше мұсылман зираты барынша қарапайым болғаны жөн.

7. Қорымға қойылатын құлпытастарды бір-бірінен асып түсетіндей етіп әсіре сәндеу немесе оған мол шығын жұмсау ысырапқа жататындықтан шариғат мұны құптамайды. Дініміз ондай әрекетке тыйым салады.

Теңдік ұстанымы

1. Зират – барша адамзаттың Жаратушы алдында тең екендігін, бай мен кедейдің, жас пен кәрінің, күшті мен әлсіздің бір-бірінен артық еместігін, имандылық, тақуалық секілді ізгі қасиеттермен ғана биік тұратынын көрсететін ғибрат мекені.

2. Қайтыс болған адамды қабірге қоярда денесіне ешбір артық киім кигізбей, тіршіліктегі сәндік бұйымдардың ешқайсысын өзімен бірге жерлемей, жағасы мен жеңі жоқ, тек ақ матамен ғана қою, яғни күллі мұсылманды бірдей етіп жер қойнына тапсыру тәртібі осы теңдік ұстанымын білдіреді.

3. Адам баласының Алла Тағала құзырында тең екендігі қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың хадистерінде айрықша баяндалады.

4. Зираттарға құлпытас қою кезінде адамдар арасындағы теңдік ұстанымы қатаң сақталуы тиіс. Бір марқұмның қабір басына мәрмәр тастан зәулім сарай тұрғызу, екінші қабір басына биік ескерткіш немесе кеуде-мүсін соғу, ал үшіншісіне қарапайым құлпытас қою – шарифаттың теңдік қағидаттарына қайшы келеді.

Құлпытас қою мәдениеті

1. Қабірге биіктігі 1 метр, ал ені 50 сантиметрден аспайтын құлпытас қою;

2. Құлпытасқа марқұмның толық аты-жөнін, туған және қайтыс болған күндерін жазу;

3. Құлпытасқа марқұмның суретін салмау;

4. Құлпытасты қымбат, бағалы тастардан жасамау;

5. Құлпытасқа Құран аяттары мен сүрелерді жазбау.

Зират құрылыстары

1. Зираттың жалпы көрінісі ешбір артық құрылыссыз, барынша қарапайым болғаны дұрыс.

2. Зиратты жан-жануарлар бұзып, тапталмауы үшін сыртына қоршау жасалған жөн.

3. Сырты толықтай қоршалған зират ішіндегі әрбір қабірдің басына өз алдына бөлек қоршау жасаудың қажеті жоқ.

4. Зират ішінде қабірлерді баспау үшін арнайы жүретін жол қалдырған жөн.

5. Зираттарға жарық орнату, түрлі-түсті гүлдер егіп, абаттандыру сынды сәндеу жұмыстарын жасау орынсыз. Зират тамашалайтын жер емес, ғибрат алатын, ақыретті еске алатын мекен.

ҚҰЛПЫТАС ЖАЗУ ҮЛГІСІ

ТЕГІ АТЫ ӘКЕСІНІҢ ЕСІМІ

(1901-1972)

Жаныңыз жәннатта болғай!

Руы – Қоңырат

Ұл-қыздарынан және т.б.

Кесене салу

1. Кесене деп – жалпы халықтың Құран оқып, дұға жасау үшін зиярат жасайтын арнайы зияраттарға айтылады.

2. Қазақ даласында халыққа еңбегі сіңіп, асыл дініміздің қанат жаюына қызмет еткен, құлшылығы мен тіршілігі үлгі болатын ғалым-ғұламалардың, әулие-абыздардың, әділ билік еткен хандардың, шейіт болған батырлардың басына кесене тұрғызылған. Мысалы, Қожа Ахмет Йассауи, Мәшһүр Жүсіп кесенелері т.б.

3. Зияратшылардың кімге дұға жасайтынын анықтап қою мақсатында кесенеді жатқан тұлғаның қысқаша тарихнамасы жазылғаны дұрыс.

4. Кесенеді жатқан тұлғаға Құран бағыштап, дұға ету үшін арнайы бір бөлменің болғаны жөн.

II ЗИЯРАТ ЖАСАУ

Зиярат жасаудың әдебі

1. Қабірді зиярат жасау мұсылман үшін сауапты істер қатарына жатады.

2. Зияратқа кірген кісінің «Йасин» сүресін оқып, сауабын марқұмдарға бағыштау – сүннет және қабір иелері үшін жеңілдік береді.

3. Арнайы зиярат мақсатымен барғанда егер білсе «Фатиха» сүресін, «Бақара» сүресінің алғашқы 5 аятын, «Аятүл курсиді», «Мүлк» сүресін, «Тәкәсур» сүресін, «Ықылас», «Фәлақ», «Нас» сүрелерін немесе білетін сүрелерді оқып, соңында: «Уа, Алла Тағалам, осы оқыған қасиетті аяттардың сауабын (тегі, аты, әкесінің есімі) деген пендеңе бағыштадым, қабыл ете гөр» деп дұға жасаса сауабы тиеді.

4. Оқылған Құранның сауабын Мұхаммед Пайғамбарымызға, сондай-ақ барша марқұм болған мұсылмандардың рұхтарына да бағыштаған дұрыс.

5. Қабір басында ұйықтауға, дәрет сындыруға, ойнап-күлуге, әзілдеп-қылжақтауға болмайды.

6. Қабір басында намаз оқу, құлшылық жасау, оны айналып тауап ету сынды т.б. осыған ұқсас амалдар жасау шарифатта тыйым салынады.

7. Қабірде жатқан кісіге табыну – зиярат жасаудың түпкі мақсатына қайшы.

8. Зиярат жасау кезінде тұрып та, отырып та дұға етуге болады.

9. Зиярат жасаудың арнайы белгіленген уақыты жоқ. Аптаның кез келген күнінде зиярат жасауға рұқсат.

Марқұмдарға сәлем беру, Құран оқу

1. Қорымға кіргенде барлық қабір иелеріне Алладан рақым тілеп сәлем берілуі тиіс.

2. «Уа, муминдер мен мұсылмандардан болған қауым! Алла бізден бұрын дүние салғандарға және бізден кейін бақилық болатындарға рақым етсін! Алладан өзіме де, сіздерге де есендік тілеймін!» деп сәлем берген жөн.

3. Зират маңында пайдасыз, бос сөздерден барынша тыйылу қажет.

4. Құранды дұрыс, сауатты оқу керек.

5. Құран оқығанда жүзді Құбыла тарапқа бұрып оқыған жөн.

6. Құран сауабын бағыштағанда, мүмкіндігінше марқұмның өз есімі мен әкесінің атын айтқан абзал.

7. Құранның дұғасын жасағанда алдымен күллі жаратылыс Иесі Аллаға мадақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке салауат айтудан бастаған дұрыс.

8. Дұға жасағанда марқұмның қабірдегі өмірі (ахуалы) мен ақіретінің жеңіл болуын тілеу.

9. Дұға жасағанда алақан жайып, бет сипап аяқтау.

Зиратта көңіл бөлінетін жайттар

1. Қабірлердің арасында арнайы белгіленген жолдармен ғана жүру.
2. Қабір басындағы ағаштарды сындырмау, шөпті жұлмау (тазалық мақсатында қураған ағаштарды кесуге, шөбін оруға болады).
3. Тазалықты сақтау, зират маңын ластамау, қоқыс тастамау.
4. Мәйіт қойылған қабірлердің үстіне отырмау, үстін баспау.
5. Зират ішінде ішімдік ішу, темекі шегу, насыбай ату сынды т.б. жөнсіз істерді болдырмау.
6. Зират ішінен тұрмыстық қалдықтар не қоқыс байқалса, тазалау.
7. Қабірлерді көрген сайын іштей дұға жасап, ғибрат алу.
8. Зираттағы кесенені мешітке айналдырмау, онда құлшылық жасамау.
9. Қабірлерді сипамау, тауап жасап айналмау, қабір иелеріне табынбау.

Кесенелерді зиярат жасау

Қазақ даласында жалпы халықтың құрметіне ие болған абыройлы, беделді, данагөй, абыз-әулие тұлғалар өткен. Мысалы, Арыстан баб, Ибраһим ата, Қожа Ахмед Йассауи, Әнет абыз, Әлмерек абыз, Бекет ата, Есет ата, Мәшһүр Жүсіп, сынды т.б. ұлы тұлғалардың есімдері кеңінен мәлім. Уақыт өте келе сол кісілердің қабірлеріне кесенелер тұрғызылып, мұсылмандардың зиярат жасауына жағдай жасалған. Сол кесенелердің маңынан өткен жолаушылар Құран оқып, дұға жасап, бет сипап өтеді. Кесенелерге зиярат жасаудың төмендегідей тәртіптері бар:

1. Кесенеге дәрет алып, таза болып барған жөн;
2. Зиярат барысында пайдасыз, бос сөздерден барынша арылу;
3. Марқұмдарға бағыштап Құран оқығанда қатесіз әрі сауатты оқу;
4. Құран оқу барысында жүзді Құбыла тарапына бұрып, отырып оқу;
5. Құранның дұғасын жасағанда алдымен күллі жаратылыс Иесі Аллаға мадақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке салауат айтудан бастау;
6. Дұға жасағанда марқұмның қабірдегі өмірі мен ақиретінің жеңіл болуын тілеу;
7. Дұға жасағанда алақан жайып, бет сипап аяқтау.

Әйелдердің зиярат жасауы

Шариғат бойынша әйелдердің қабірлерді зиярат етуіне рұқсат. Дегенмен, төмендегі шарттарға мән берген жөн:

1. Қабір зияраты ниетімен шыққанда, сәнденбеу, иіс су себінбеу;
2. Шариғат талаптарына сай (ұзын етек, ұзын жең, орамал тағу) киіну;
3. Қабір басында ұстамдылық таныту, дауыс шығарып жыламау, орынсыз сөйлемеу, дауыс көтермеу;
4. Зиярат барысында бөгде ер азаматтармен араласып жүрмеу, әдеп сақтау;
5. Қабірді зиярат ету үшін күйеуінің рұқсатын алу (тұрмыс құрған әйелдер үшін).

Қосымша ережелер

1. Марқұм жайында жақсы ойда болу, жақсы сөз айту.
2. Марқұмға Алладан рақым, Пайғамбарымыздан шапағат, қабірінің жарық, сұрақтарының жеңіл болуын тілеп, дұға ету.
3. Зиярат барысында дәретті болуға мән беру.
4. Қабір басында құрбандық шалуға болмайды. Қажет болған жағдайда зиярат маңындағы арнайы белгіленген орындарда ғана мал союға рұқсат етіледі.

5. Зират ішінде құдайы ас бермеу, дүние тіршіліктеріне қатысты жиналыс, мәжілістер өткізбеу.

6. Зират ішінде орынсыз сөйлемеу, күлмеу, телефон шұқыламау (әлеуметтік желілерге қосылмау).

7. Мәйітті жерлеу барысында жамағаттан бөлініп, өз алдына әңгімелеспеу.

8. Қабір басында жақыны қайтып, жаны күйзеліп тұрған марқұмның туыстары арасында әзілдеспеу, ойын-күлкіден аулақ болу.

Қорытынды

Бұл құжат еліміз бойынша зираттарды тұрғызудың әрі оларды зиярат етудің үрдісін бір ізге келтіріп, өзіндік мәдениетін қалыптастыру үшін әзірленді. Құжатта келген ережелер мен ұстанымдар Ислам дінінің негізгі қайнар-көздері мен ата-бабаларымыздың озық дәстүрлері негізінде дайындалды. Құжат жалпы халыққа, оның ішінде марқұмдарға, олардың жақындарына екі дүниеде де пайдалы болады деп үміттенеміз.

**ДУХОВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ
МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАНА**



***КУЛЬТУРА ПОСЕЩЕНИЯ
КЛАДБИЩА***

**Нур-Султан
2020 год**

ВВЕДЕНИЕ

Народная мудрость гласит: «Рожденному смерти не миновать». Кто-то только приходит в эту жизнь, а кто-то из нее уходит. Это непреложная истина. Для мусульман загробный мир – первые врата вечной жизни.

Поэтому близким и родным умершего только и остается молиться со словами: «пусть земля будет пухом», «Пусть Всевышний упокоит его душу», «Пусть душа покоится в раю».

Как говорится в Священном Коране, Всевышний сотворил человека как самое прекрасное и почитаемое создание из всех Его творений. Поэтому, как уважаемы люди при жизни, так и умершие достойны уважения и почтения. В этой связи, уход за могилами, где захоронены тела усопших, соблюдение чистоты в местах захоронения, оберегание кладбищ является обязанностью живых.

Основной целью представленного документа является формирование всеобщей культуры возведения могил и их посещения.

Идея и актуальность

Известно, что казахский народ испокон веков в обыденной жизни, в особенности при выполнении духовно-религиозных обрядов, связанных с рождением и смертью человека, придерживается мусульманской культуры. В последнее время установленные религиозные обряды претерпевают изменения, нередко не соответствующие основным нормам шариата. Например, на месте захоронения устанавливаются масштабные надгробные памятники и высокие ограждения.

Эти действия часто вызывают критику со стороны общественных деятелей, аксакалов и религиозных служащих. В Духовное управление мусульман Казахстана все больше поступают обращения и письма с подобными жалобами. Кроме того, люди, посещающие могилы и мавзолеи, совершают действия, не соответствующие религиозным требованиям.

С целью решения этих вопросов и формирования общей культуры возведения и посещения могил подготовлен данный специальный документ для дальнейшего использования его во всех регионах страны.

Возведение и посещение могилы относятся к самым важным ценностям жизни каждого человека. Предание тела умершего земле и его захоронение является долгом человека.

Согласно мусульманским канонам, предписание о необходимости захоронения умершего является

обязательством. Если не хоронить тела умерших, то это будет проявлением большого неуважения к самому почитаемому созданию Всевышнего - человек и является большим грехом. Поэтому, наши предки, относясь с уважением к умершему, достойно провожали его в последний путь.

Могила – это специальный участок для захоронения умерших. Не зря наш Пророк Мухаммед (да благословит его Аллах и приветствует), посещая кладбище, приветствовал и говорил: «Мир обитателям жилищ из числа уверовавших мусульман (таким образом называл могилу жилищем, а умерших - обитателями).

Кроме того, посещение могилы как по шариату, так и с точки зрения традиций и обычаев является одним из одобренных благих дел.

«В этом мире есть только две двери: одна - открывается к жизни, вторая – открывается к смерти. «Человек, вошедший в первую дверь, также войдет во вторую дверь», - сказал Жусип Баласагун, а Абай сказал: «Ты родился, чтобы умереть, поразмышляй над этим».

Смерть наступает независимо от возраста, силы и энергии человека. Как высказал глубокую мысль Махамбет Утемисов: «Смерть – это воля Всевышнего».

В вышеупомянутых изречениях мыслителей можно заметить, что жизнь и все традиции казахского народа, веками придерживающегося ислама, связана с мусульманскими канонами.

На сегодняшний день при возведении могил и мавзолеев, их ограждении и облагораживании, установлении могильных плит и так далее наблюдается совершение действий, не соответствующих требованиям шариата, противоречащих традициям наших предков, да и современной цивилизации.

Надо отметить, что в каждом регионе Казахстана наблюдаются различия в посещении могил, почтении предков и других погребальных обрядах. В этой связи, возникла необходимость формирования общей культуры возведения и посещения могил, соответствующих требованиям сегодняшнего дня.

Значение возведения могилы

1. Осмысление необходимости проявления должного уважения как к живым, так и умершим людям.
2. Возведение могилы необходимо, чтобы имя и место захоронения покойного были известны потомкам.
3. Недопущение наступления на место захоронения усопшего.
4. Чтение и посвящение Корана и молитвы – дань уважения потомков в память о душах своих предках.
5. Для предостережения людей, чтобы они по незнанию не вскопали место захоронения и не извлекли останки наружу.

Суть посещения могилы

1. Человек, когда-то лежавший в деревянной колыбели, окажется и в колыбели земли. Как новорожденный после рождения укладывается в колыбель, так и человек, которому пришло время, предается земле для захоронения. То есть, необходимо понимание, что этот мир является временным.

2. Мусульманин, который посещает могилу близкого ему человека, читает аяты священного Корана и делает дуа, чтобы полученные воздаяния вознеслись духам усопших близких, а также всех мусульман, захороненных на том кладбище. В то же время, глядя на их положение, сам получает назидание.

3. В мировоззрении людей возобновятся основные установки казахского народа, такие, как почтение имен предков, уважение к их душам, сохранение народных традиций.

Цели посещения могилы

1. Приветствие всех умерших на кладбище с пожеланием благодати, прошение у Всевышнего милости и прощения за всех умерших, прочтение молитвы.

2. Чтение и посвящение воздаяния от прочтенных аятов Корана предкам, родителям, родственникам и близким, ушедшим в мир иной.

3. Осознание того, что посещение могил является одним из благих дел, в надежде на вознаграждение.

4. Осознание и признание того, что сами когда-то окажутся на этом месте, что они являются временными странниками в этом мире.

5. Передать эту традицию, которая стала обычаем в повседневной жизни предков, подрастающему поколению.

Полезьа живым от посещения могилы

1. Посещение могил необходимо для напоминания о загробной жизни.

2. Осознание мусульманами быстротечности этого мира, истинности смерти, необходимости уважения друг друга в этом мире.

3. Размышление о своей жизни, стремление оставить достойное наследие, которое станет примером для будущего поколения.

4. Увидев могилы людей, подобных коридору между этой и вечной жизнью, задуматься о своей будущей загробной жизни.

5. Воспитание в себе стремления жить праведно, заниматься самовоспитанием, воздержание от греховного, оказание помощи другим.

6. Понимание сути истинного поклонения, ограждения себя от плохого и бесполезного.

7. Решиться на поступки, угодные народу, вести благую жизнь, надеясь на воздаяние.

Полезьа умершим от посещения могилы

1. Чтение Корана и вознесение за них дуа посетителями облегчают участь усопших путем прошения за них милости и прощения Всевышнего.

2. Полное чтение Корана (хатм-Корана) в честь умерших является благим делом, а также облегчением участи тех, кто захоронен.

3. Совершение благих молитв и мольбы за упокоение душ усопших является неким средством облегчения загробной жизни.

4. Прощение Милости Всевышнего посредством прочитанного потомками Корана.

5. Избавление от страданий в загробной жизни.

I. СТРОИТЕЛЬСТВО СООРУЖЕНИЙ НАД МОГИЛОЙ

Решение по строительству сооружений над могилой

1. Место для захоронения необходимо выбрать подальше от населенной местности, на широкой равнине с мягким грунтом.

2. Глубина могилы должна быть средней, согласно сунне могила копается в полный рост человека.

3. Могила копается таким образом, чтобы правая сторона умершего в могиле была обращена в сторону Киблы.

4. Для того, чтобы было видно, чья эта могила, а также недопущения осквернения и разрушения со стороны посторонних, разрешается установить небольшую могильную плиту.

5. Установление могильной плиты не относится к приданию сотоварища Всевышнему (ширк), новшеством (бидаат) или запрещенным действием (харам).

6. На местах захоронений не допускается сооружать мечети, медресе, места поклонения, устанавливать высокие памятники или высокие купола.

7. Не допускается использование другого грунта на могиле, за исключением грунта, выкопанного из самой могилы.

8. Согласно шариату не одобряется использование места, предназначенного для другого покойника.

9. В случае, если есть общее ограждение, нет необходимости ограждать могилы внутри ограждения по отдельности.

10. На памятной плите указывается полное имя, дата рождения и смерти того, кто похоронен.

11. На памятной плите не разрешается устанавливать фотографию умершего.

12. Сооружения, которые уже построены, не следует разрушать.

Культура сооружения могилы

1. У мусульман имеется обычай по установлению могильных плит для распознавания имени усопшего и его места захоронения.

2. С этой целью, кроме памятных плит, возведение громадных памятников, декоративных оград, скульптур не принесет никакой пользы усопшему и являются запрещенным.

3. Совершение действий, не приносящих пользы усопшим, с намерением «пусть живые увидят или услышат», отдаляют от довольства Аллаха. Только добрые дела, совершенные с искренними намерениями, по шариату, вознаграждаются.

4. Расходование средств на живых являются

более разумным делом, чем расходование средств на усопших.

5. Согласно нормам шариата не требуется установление больших памятников и плит, возведение ограждений, напротив, для каждого мусульманина является обязанностью не допускать нигде чрезмерности и излишеств, а оказывать помощь сиротам, братьям, соседям, возведение учреждений образования, издание полезных книг и учебников.

6. По шариату не требуется сооружать больших памятников и украшать могилы, так как долг мусульманина в каждом деле – отсутствие расточительства. Мусульманское кладбище должно быть достаточно простым.

7. Превращать памятные плиты на могилах в произведение искусства, а также чрезмерное оформление не одобряется в исламе, так как это считается расточительством, что не допускается по шариату. Наоборот, шариат призывает не совершать подобных действий.

Принцип равенства

1. Места захоронения людей – это такие сакральные места, где все равны перед Всевышним: богатые и бедные, молодые и пожилые, слабые и сильные, они отличаются друг от друга только уровнем богобоязненности и стойкости веры.

2. Тело умершего оборачивают в материал

из белой ткани без воротника и рукавов, затем укладывают в могилу без лишней одежды и украшений, что демонстрирует принцип равенства.

3. В хадисах нашего Пророка особое внимание уделяется принципу равенства людей.

4. При установлении памятника на могиле следует строго соблюдать принцип равенства всех людей.

5. Возведение одному человеку огромного мраморного мавзолея, второму - высокого памятника, третьему - простого памятника противоречит по шариату принципам равенства.

Культура установления памятной плиты

1. Установление умершему человеку памятной плиты высотой не более 1 метра, шириной не более 50 см для единого образца.

2. На плите указать фамилию, имя, отчество умершего, дату рождения и смерти, не допускать лишнего.

3. На памятной плите не размещается фото покойного.

4. Не ставить памятную плиту из драгоценных и дорогих материалов.

5. На памятной плите не писать суры и аяты Корана.

Сооружение могилы

1. Согласно шариату приветствуется возведение скромной могилы без лишних и отличительных конструкций.

2. Для недопущения разрушения могил животными устанавливается общее ограждение.

3. Не требуется установление отдельного ограждения в каждой могиле.

4. Для облегчения посещения могилы необходимо проложить дорогу.

5. Установка света, посадка цветов, излишние украшения приводят к снижению должного восприятия кладбища посетителями. Кладбище - это не место посещения для созерцаний и удивлений, а место, для получения назидания и напоминания о мире ином (Ахирет).

ОБРАЗЕЦ ОФОРМЛЕНИЯ ПАМЯТНОЙ ПЛИТЫ

ИМЯ ФАМИЛИЯ ОТЧЕСТВО

(1901-1972)

Пусть упокоится душа в раю!

Род – Конырат

от детей и т.д.

Сооружение мавзолея

1. Мавзолеем называется специально построенное здание с захороненными останками усопшего, куда могут приходить люди и читать Коран.

2. У казахов было принято возводить на могиле мавзолеи выдающимся личностям, батырам, ученым, святым, праведным и справедливым ханам, героям, павшим за Родину. Например, мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави.

3. В мавзолее прописываются исторические сведения о захороненной здесь личности, что позволяет посетителям при чтении Корана, упомянуть его имя.

4. Приветствуется наличие специальной комнаты в мавзолее для того, чтобы посетители могли прочитать Коран.

II. ПОСЕЩЕНИЕ КЛАДБИЩА

Этика посещения могилы

1. Посещение могилы является благим делом для мусульман.

2. Прочтение посетителем могилы суры «Йасин» за усопшего является сунной и облегчением для усопших.

3. Также при посещении могилы следует прочитать суру «аль-Фатиха», первые 5 аятов суры «аль-Бакара», «Аятул-курси», аят «Аманар расуул», суру «Мульк», суру «Такасур», суру «Ыхлас» и в конце произнести слова мольбы: «Прошу вознаграждения за эти прочитанные суры и посвящаю такому-то...», данный порядок прочтения Корана приветствуется (Имам Зухайли).

4. Приветствуется чтение Корана, которое следует сначала посвятить нашему Пророку Мухаммеду и всем мусульманам.

5. Согласно шариату нежелательными действиями при посещении могилы являются: спать, справлять нужду, веселиться, шутить.

6. Противоречит нормам шариата: совершение намаза, поклонение, совершение тавафа (обход) вокруг могилы и другие подобные действия.

7. Совершение поклонения умершему противоречит основной цели посещения могилы.

8. Во время паломничества можно молиться как стоя, так и сидя.

9. Разрешается посещать могилы в любые дни недели. Для посещения могилы нет определенного времени.

Приветствие усопшего, чтение Корана

1. При входе на кладбище совершается приветствие всем усопшим и прошение милости Всевышнего за них.

2. При входе на кладбище рекомендуется произнести следующее приветствие: «Приветствую вас, усопшие из числа уверовавших муминов! Пусть Всевышний дарует свою милость тем, кто ушел раньше нас! Прошу у Всевышнего благословения вам и себе!».

3. У могилы нежелательно вести пустые разговоры.

4. Нужно стремиться к грамотному и правильному прочтению Корана.

5. При чтении Корана сидеть, обращаясь лицом к Кибле.

6. При чтении и посвящении Корана по возможности произносить полное имя умершего и его отца.

7. Произнесение мольбы после Корана сначала начать с восхваления Всевышнего, а также прочтения салавата Пророку Мухаммаду.

8. Во время мольбы обязательно просить о

прощении умершего Всевышним, просить об облегчении его пути в загробном мире, чтобы он прошел все испытания.

9. Во время произнесения мольбы ладони держать открытыми и в завершении протереть лицо.

Памятка посетителям

1. Следует ходить только по специально выделенным дорожкам на кладбище.

2. Не ломать деревья и не вырывать траву на могиле (можно убирать сухие деревья и траву в целях наведения порядка и чистоты).

3. Обеспечить чистоту, убрать лишнее и не оставлять мусор вокруг могилы.

4. Во время посещения кладбища не сидеть на поверхности могил, а также не наступать на места захоронения.

5. На могиле: не курить, не употреблять спиртное, насвай и другие вредные вещества.

6. При обнаружении мусора и бытовых отходов очищать кладбище.

7. При виде могил помолиться и вспомнить о загробной жизни.

8. Не превращать могилы в места поклонения, совершая там намаз и другие богослужения.

9. Не гладить могилу, не совершать таваф, не поклоняться усопшим.

Посещение мавзолеев

Среди казахского народа были выдающиеся личности, заслуженные деятели, ученые и батыры. К примеру, широко известны имена таких исторических личностей, как Арыстан баб, Ибрахим ата, Ходжа Ахмед Яссави, Анет абыз, Алмерек абыз, Бекет ата, Есет ата, Машхур Жусип и другие. Со временем над их могилами возведены мавзолей и созданы условия для посещения мусульманам. Проходящие путники останавливаются для прочтения Корана. Имеется несколько правил посещения мавзолеев:

1. Предпочтительно заходить в мавзолей чистым, заблаговременно совершив омовение;

2. Во время посещения могилы не вести пустые разговоры;

3. Необходимо грамотно и правильно прочитать Коран;

4. Во время чтения Корана сидеть, обратившись лицом в сторону Киблы;

5. Дуа после прочтения Корана посвящается восхвалению Всевышнего, прочтению салавата нашему достопочтенному Пророку Мухаммаду;

6. В дуа просить Всевышнего о благополучии и прощении усопшего;

7. При завершении дуа соединить открытые ладони и протереть лицо.

Посещение могил женщинами

В шариате разрешено посещение женщинами могил. Женщинам при посещении могил необходимо обратить внимание на следующие условия:

1. При намерении посещения могилы не одеваться броско, не использовать благоухания;

2. Одежда должна соответствовать требованиям шариата (длинное платье с длинными рукавами, платок на голове);

3. Держать себя сдержанно, не плакать во весь голос, не вести пустые разговоры и не разговаривать в повышенном тоне;

4. Соблюдать этику при посещении могилы, держаться отдельно от мужчин;

5. Для посещения могил замужние женщины должны получить разрешение от мужа.

Дополнительные правила

1. Думать об усопшем только хорошее, говорить о нем только благое.

2. Просить у Всевышнего милость и прощение, заступничество Пророка Мухаммада за усопшего и сделать дуа, чтобы умерший прошел все испытания в загробном мире.

3. До посещения могилы совершить омовение

(гусл), придав большое значение чистоте.

4. Нельзя совершать жертвоприношения на местах захоронения. При необходимости совершать жертвоприношения в специально отведенных местах вокруг кладбища.

5. Не проводить поминальные угощения на могилах, не проводить собрания и другие совещания.

6. Не разговаривать без надобности на могиле, не смеяться и не использовать телефон (не подключаться к социальным сетям).

7. После завершения джаназа намаза, во время захоронения покойника не отделяться от общества, не вести диалоги.

8. Не допускать веселья и шуток среди скорбящих, не допускать смех.

Заключение

Данный документ был подготовлен в целях урегулирования процесса и формирования культуры посещения кладбища в стране. Надеемся, что данные правила, представленные в документе, принесут большую пользу нашим соотечественникам и близким усопших. Упомянутые каноны разработаны на основе принципов ислама и передовых традиций предков.